KAZAKHMYS Saqtandyru

Құндылықтарды бағалай білу!

# КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫ ИЕЛЕРІНІҢ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУ (АКИ МАҚЖ)

## ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАСЫ БОЛҒАН ЖЕРДЕ НЕ ІСТЕУ КЕРЕК ?

1 Көлікті тоқтатып, апаттық жарық дабылын қосыңыз

2 Денсаулығына зиян келтірген адамдардың жоқтығына көз жеткізіңіз және қажет болған жағдайда, зардап шеккендерге көмектесу үшін тиісті шараларды қолданыңыз

3 Апаттық тоқтату белгісін қойыңыз

4 112 нөміріне қоңырау шалып, (немесе басқа жолмен) полиция қызметкерлерін шақырыңыз және олардың келуін күтіңіз

5 Полиция қызметкері келгенге дейін көлікті ЖКО орнынан қозғамаңыз, оқиға орнына қатысы бар заттарды жылжытпаңыз

6 Полиция қызметкері ресімдеген хаттамаға қосымшада автокөліктің барлық көрінетін зақымдануының көрсетілуін тексеріңіз

7 Оқиға схемасының дұрыс жасалғанын және онда соқтығысу орнының және автомобильдердің жүру бөлігінде орналасуының көрсетілуін тексеріңіз

8 ЖКО-ның басқа қатысушыларына біздің компанияда өз жауапкершілігіңізді сақтандырғаныңыз туралы хабарлаңыз және оларға бізбен байланысуға кеңес беріңіз

9 ЖКО болған жерде көлік құралдарының орналасқан орнын суретке түсіріңіз

10 Бізге не болғанын 2090 нөміріне қоңырау шалу арқылы хабарлаңыз (ұялы телефоннан тегін) және біз одан әрі әрекет ету тәртібін түсіндіреміз

## ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАСЫНАН КЕЙІН

САҚТАНУШЫҒА ЖАДЫНАМА

Оқиға болған сәттен бастап 3 жұмыс күні ішінде сақтандыру оқиғасының басталуы туралы өтініш нысанын толтырыңыз (компанияның сайтында жүктей аласыз) және бізге жіберіңіз:
- Компанияның кеңсесіне;
- www.kmic.kz сайты арқылы;
немесе электронды мекенжайға: info@kmic.kz немесе claims@kmic.kz

Сақтандыру шартының Сіздегі данасында көрсетілген сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау үшін қажетті құжаттарды ұсыныңыз

Біз полицияның және/немесе соттың құжаттарын алғаннан кейін келтірілген залалды бағалаймыз

Сақтандыру төлемі залалды бағалау және оның нәтижелерін келіскеннен кейін тиісті өтініш негізінде жүзеге асырылады



**! Заңға сәйкес сақтандыру төлемін біз барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін 15 жұмыс күні ішінде жүзеге асыруымыз керек.**

2090 +7 (727) 310 20 90, +7 (727) 345 01 25 info@kmic.kz; claims@kmic.kz
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Зенков көшесі, 71

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі берген 26.10.2022 жылғы №2.1.12 лицензия